


# НҰР



№17 (5048)  
СЕНБІ,  
26 сәуір  
2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

Президент Жолдауымен

## Облыста ІІ-ші инвестициялық форум

Karaganda



Облыстық әкімдіктің ұйымдастыруымен 29-30 сәуір күндері облыс орталығында «ҚарағандыИнвест» ІІ-ші Халықаралық инвестициялық форумы өтеді. Бұл шараға Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Қазына» дәйекті даму қоры» АҚ, «Сарыарқа ӘКК» ҰҚ АҚ қолдау көрсетіп отыр. Ал осы өңірде бизнесін жүргізіп, өнім өндіріп жатқан ірі инвесторлар – «Қазакмыс» корпорациясы ЖШС, «Арселор Миттал Стил» АҚ және «ENRC PLC» Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы инвестфорумға бас демеушілер ретінде қатысмақшы.

Бытыр алғаш өткен «ҚарағандыИнвест – 2007» форумына әлемнің 30 елінен 800-дей делегат қатысқан еді. Инвесткөрме барысында отандық және шетелдік әлеуетті инвесторлар назарына 63 жоба ұсынылып, оның 12-сі нақты несін тапқан болатын. Жалпы құны 1 млрд. Долларға бағаланып отырған аталмыш жобаларды жүзеге асыратын күн де алыс емес. Олардың ішінде «ЖЭО – 4», «ЖЭО-3» нысандары, металлургиялық кремний зауыты сияқты, өңір үшін маңызды бірқатар жобалар бар.

Жалпы инвестфорумды өткізудегі басты ма-

қсат – облыс экономикасын өркендету мен оның инвестициялық тартымдығын арттыру. Осы орайда, «ҚарағандыИнвест – 2008» халықаралық форумының көздегені бытырғы межелден де ауқымдырақ болып тұр. Бұл жолғы инвестициялық көрмеге қатысушылардың саны да өткен жылғыдан асқалы тұр. Өйткені, ол уақыттан бері облыс әкімдігі Біріккен Араб Әмірлігімен, Қытай елімен, Кувейт, Сауд Арабиясы корольдігімен аталмыш форум туралы келіссөздер жүргізіп үлгерді. Сонымен қатар Иран мен Ресейдің бірқатар өңірлерінен, Украина, Чехия, Хорватия, Германия, Корея, т.б. елдерден қатынас хаттары түсуіле.

Алдын-ала жасалған жоспар бойынша «ҚарағандыИнвест - 2008» форумы 8 секциялық бағыт бойынша ұйымдастырылады:

1. Кен орындарын игерудің инвестициялық мүмкіндіктері мен «Металлургия – металл өңдеу» кластерін дамыту.
  2. Агроөнеркәсіп кешені: сауда- логистикалық орталық құру.
  3. Қарағанды қаласының даму жобасы ( қала салу құрылысының бас жоспары).
  4. Ғылым – инновациялық дамудың басты шарты.
  5. Туризм.
  6. Энергетика.
  7. Бизнесі дамытудың қаржылық құрылымдары.
  8. Жаңа технологияларды өнеркәсіптік игеру.
- Аталған инвестфорум Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттерді орындауға бағытталған сенімді қадам екені сөзсіз.

## Ауданның әлеуметтік- экономикалық дамуы Іске сәт!

Биылғы жылдың инвестжобаларында әлеуметтік саланы жақсартуға ерекше ден қойылған болатын. Оның ішінде ауданның 80 жылдық мерейтойына тарту ретіндегі ауқымды іс шаралардың ең бір маңыздысы, тұрғындардың көптен күткен – көкейкесті проблемасы – аудан орталығындағы моншаны қалпына келтіру болатын. Бұл жайында ауыл ақсақалдары аудан әкімі мен аудандық Мәслихат атына ашық хат та жолдаған болаты. Осы ұсыныс аудан басшылары тарапынан қолдау табып, оған аудандық бюджеттен қаражат та бөлінген еді. Міне, енді осы жұмысты орындауға тендер өткізіліп, жеңімпаз да анықталды. Ал сенбі күні, яғни 19 сәуір күні аудан орталығындағы қаңқасы ғана қалған монша ғимаратында қалпына келтіру жұмыстары басталды. Біз осы жұмыстарды жүргізуші құрылыс жетекшісі Ерлан Кенжебаевпен кездесіп, оны әңгімеге тарттық.

– Алдымен өзіңіз басқарып отырған құрылыс мекемесі туралы біреу сөз?

– Біздің құрылыс фирмамыз «Нұрайстрой» компаниясының құрамдас бөлігі, «Ернұр – 7» ЖШС-і деп аталады, Астана қаласында орналасқан, осы ауданға екі бригада әкелдік, бір бригада осы моншаны күрделі жөндеуден өткі-

мен әйелдер жуынатын залдар қалпына келті-



ріледі. Сонымен қатар кішігірім бассейн мен сауна саламыз. Ғимараттың төбесі толығымен қайта жасалады, ондағы плиталарды аламыз, басқасы жападан салынады және төбені шағырланып, андиолмен жабылады. Ал моншаның сырты керамиографитпен қапталады. Жалпы өз жұмысымызда қазіргі заман талабына сай құрылыс материалдарын қолданамыз. Жақын арада жоғарыда аталған «Нұрайстрой» компаниясы моншаға су құбырларын жүргізеді.

– Құрылысты қашан аяқтамақшысыздар?


– Құрылысты аяқтау мерзімі 1 қыркүйек, бірақ біз оны ауданның мерейтойына дейін бітіруге тырысамыз. Ол үшін барлық жағдай жасалады.

– Жұмысты неден бастап жатырсыздар?  
– Ең алдымен ғимарат іші толған құлқоқыс қалдықтары екен, соны тазалап жатырмыз. Сыртында да осындай қалдықтар өте көп. Сонан соң төбедегі плиталарды аламыз, олардың құлау қаупі бар. Сөйтіп басқа жұмыстарды жасауға жағдай туғызып алып, құрылысқа кірісеміз. Жұмысшыларға осының ішінен бір бөлме әзірлейміз де осында қас қарайғанша, демалысыз жұмыс істейтін жағдай туғызамыз.

– Сұхбатыңызға рахмет! Бұл тұрғындардың көптен күткен ісі еді, сіздердің жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз, моншаның салтанатты түрде ашылуын күтетін боламыз.

Бикен АХМЕТОВА

Суреттерде: құрылысшылар іске кірісті, ортада – Ерлан Кенжебаев моншаның бүгінгі қалпы



зуде жұмыс істейді, екінші бригада «Қаратал» КММ-нің өндірістік ғимараттарына қалпына келтіруде жұмыс жасайды. Бригада құрамында кәсіби құрылысшылар, кәсіби мамандар бар, қажет жұмыс күші мен техника жеткілікті.

– Қандай жұмыстар атқарылмақшы?  
– Жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес моншаны қалпына келтіру барысында, бұрыннан болған екі жуыну залы, яғни ерлер

## Бірлік бар жерде тірлік бар

«Бастауы бар бұлақ ұзақ ағады»...  
Халық мәтелі

Тәуелсіздік тақырыбына тоқталмас бұрын, 70 жылдан астам өмір сүрген КСРО-дай алып империяның табиғатына бір сәт үңілейікші.

1917 жылғы Қазан төңкерісі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды алып келді дедік. Қарыштап алға дамимыз, гүлденеміз дедік. Жылдар жылжып, кеңестік құрылыс қарқындап алға дамыған сайын, ол ойымыз өзгере бастады. Қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйе адамдардың сапасына үрейін ұялата бастады. Большевиктік партия жазықсыз жандарды жазалауға әуес болатын.

1923-1953 жылдар аралығында 103 мыңнан астам ата-бабамыз қуғын-сүргінге ұшырады. Елі мен жерін шексіз сүйген қаншама ұлт зиялыларының асыл сүйегі далада көмусіз қалды. Азамат соғысы мен голошекиндік геноцид кезінде қаншама адам қынадай қырылды. Олардың жазығы не еді?

Ұлт тіліндегі мектептердің біртіндеп жабыла бастағанына ешкімнің жаны ауырған жоқ. Ақыр аяғы пейілімізге қарап, құдай берген қазба байлықтарымызға да билігіміз жүрмеді. Шикізат базасының ғана ролін атқардық. Оны азсынсаңыз бірталай жерімізге әскери-сынақ полигондары келіп жайғасты. Оның зардабын әлі күнге дейін тартудамыз. Осындай қиянатты көрген елдің тәуелсіздікке ұмтылмауы мүмкін емес еді...

Ата-бабамыздың қаншама ғасырдан бері азаматтық пен егемендік үшін алысқаны тарихтан белгілі. 1991 жылғы бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Бұл - Республика халқының өз қалауы бойынша тұңғыш Президентін сайлауы еді. Дәл осы күні республиканың аты Қазақстан Республикасы болып өзгерді.

Ақыры ата-бабамыздың ғасырлар бойы

армандаған күні туды. Арада 6 күннен кейін 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданып, еліміздің Мемлекеттік тәуелсіздігі ашық түрде жарияланды.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет атанды. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізеді. Қазақстан Республикасы территориясында тек өз заңдары және ол таныған құқық нормалары қолданылады.

Заман біздікі! Дәуір біздің дәуір: бодан емес, еркін Қазақстанның дәуірі. Осының қадірін білу, қасиетін сезіну, бізді бұл тұстағы күллі қиындыққа қарсы қояды. Бүгінгі күнді қайшылыққа деген төзімге әкеледі. Үміт пен төзім бірлікке әкеледі.

Бірлік терең мағыналы тірлікке жетелейді.

Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны және Республика Әнұраның жана мәтінін Тәуелсіздігіміздің айғағы деп білеміз.

Республикамыздағы әрбір азаматтың міндеті – Отанды қорғау және мемлекеттік рәміздерді - Әнұран, Ту, Елтаңбаны қастерлеуге тиісті.

Аш болайық, тоқ болайық. Жалғыз-ақ егемен еліміздің азаттығы мәңгі болғай! Соны көзіміздің қарашығындай сақтайық! Осынау ұлы міндет пен мақсат бізді «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» бірлікке апаратыны, ал бірлік күні ертен-ақ қолымыз жететін тамаша тірлікке апаратыны дұссыз. Тілеулі, бірлікті, ынтымақты ел бола білейік! Бұл – мен сияқты мыңдаған қазақ жастарының бүгінгі тілегі.

Е. Бәкішева, Талдысай ауылынан

## Астананың 10 жылдық мерейтойына арнау

### АСТАНА – АЛАШ КӨРКІ

Ауылдан келіп түстім Бас қалаға,  
Бой түзеп келе жатқан жас қалаға.  
Сән берген еліме де, жеріме де,  
Сүйсініп қарап тұрмын Астанама.

Көз салсам шығып алып Бәйтерекке,  
Боламын кездескендей кереметке.  
Тұрғандай бүкіл қала алақандай,  
Көретін нағыз ғажап осы емес пе!

Көрдік зәулім үйлер салған биік,  
Тұрғандай бұлт шақырып, көкке тиік.  
Қарағым келе берер көзім талмай,  
Биіктен түскім келмей, жаным сүйіп.

Ойға алсам Целиноград-Ақмоланы,  
Қоқысқа толып жатар үйлер маңы.  
Жол тауып түн ішінде жүре алмайсың,  
Әр жерде сығырайып жанған шамы.

Қарасам Астанаға бүгін барып,  
Есімнен таңғандаймын қайран қалып.  
Құлпырып күндізгідей жарқырап тұр,  
Шамдардан әшекейлеп өрнек салып.

Ежелден қазақ өсіп, жүрген жайлап,  
Сарыарқа құтты қоныс алтын аймақ.  
Көшіріп әкелмекші астананы,  
Нұрсұлтан тәуекелге белді байлап.

Сарыарқа байтақ дала жатқан шетте,  
Көз тартып қызықтырған жау жақ бетте.  
Ортаға орда әкеліп орнатқанда,  
Қастары ұшырады ауыр дертке.

Көркейіп күлімдеді жапан дала,  
Көз тартып жайнай түсті жаңа қала.  
Қазақтар қала салу біле ме екен,  
Назар сап Астанама енді қара!

Тоқтамай, толастамай құрылысы үдей,  
Келеді қанат жайып, күнде түлей.  
Сүйсініп көрген сайын мәз боламын,  
Лүптілден қуанышпен соғып жүрек.

Аралап ғажаптыңарын көзбен көрдік,  
Көркінен көре алмайсың ешбір кемдік.  
Орнатқан астананы Арқаға әкел,  
Бұл ісі Нұрсұлтанның – нағыз ерлік.

Тамаша зәулім биік үйлер қапдай,  
Таң қалып қарай берем қағып таңдай.  
Ризамын Астанама аспандаған,  
Дос сүйсініп, дұшпандар жасқанандай.

Көркейген гүлге оранып айналғасы,  
Қазаттың өзі орнатқан астанасы.  
Целиноград емес бұл, басқа қала  
Қол сұғар енді кімнің бар таласы.

Қаланы бөліп жатыр Есіл ағып,  
Жарысқан екі жақтан үйлер салып.  
Сапарға аз-ақ уақыт кетсең шығып,  
Қайтқанда жатырқайсың әзер тапып.

Өркендеп қанат жайсын халқым өсіп,  
Бауырлар шетте жүрген келсін көшіп.  
Өмірден бұдан артық не тілейміз  
Көркейсе туған жерін алтын бесік.

Жазылып бодандықтың салған дерті,  
Бұл күнде елім азат, өзінде еркі.  
Таңданған келбетіңе көрген адам  
Астанам гүл жайнаған - Алаш көркі.

Махмет ТЕМІРҰЛЫ,  
Қазақстан жазушылар Одағының  
мүшесі, Кобетей ауылы.

НУРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2008 жылғы 01 сәуір №05/03

Қарағанды облысы Әділет Департаменті  
Нұра ауданы Әділет басқармасы  
Нормативтік құқықтық акт 2008  
«22» 04 нормативтік құқықтық  
кесімдерді мемлекеттік тіркеудің  
тізіліміне №8-14-69 болып енгізілді

**2008 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың өткізу туралы.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» № 623 қаулысына сәйкес және 2008 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2008 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқығы жоқ 18-27 жас аралығында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізілсін.
- Аудандық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Ауыл және кент әкімдері:
  - 2008 жылы мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын 1981-1990 жылдары туған азаматтарды қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің тізбесі бойынша шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін;
  - әскерге шақырылғандарды шақыру комиссиясынан өткізу және жіберу үшін жеткізуін ұйымдастырсын.
- Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімі (Қайролла Шарипұлы Жолболдин-келісім бойынша) әскерге шақыру мәселелері бойынша қажетті шараларды жүзеге асырсын.
- Аудандық медициналық бірлестігі (Бөкеш Орақұлы Еспаев-келісім бойынша) аудандық шақыру комиссиясына шақыру мерзіміне маман-дәрігерлермен, орта медициналық персоналмен жиынтықтасын, кабинеттерді медициналық құрал-жабдықтармен және аспаптармен қамтамасыз етсін.
- «Қарағанды облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті» мемлекеттік мекемесінің Нұра ауданы бойынша басқармасы (Гүлсара Қурашқызы Дослопова-келісім бойынша) шақыру учаскесінің күйіне санитарлық бақылауды қамтамасыз етсін.
- Аудандық ішкі істер бөлімі (Асхат Нұрмұханұлы Қанафин-келісім бойынша):
  - әскерге шақырудан жалтарғандардың іздестіруін және ұстауын қамтамасыз етсін;
  - әскерге шақырылғандарды жіберу және жеткізу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын, олардың шақыру комиссиясына және әскерге жіберу кезінде қорғаныс бөліміне және Қарағанды қаласының облыстық жиналыс пунктіне дейін ере жүруін қамтамасыз етсін.
- Нұра ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі (Рабиға Косанқызы Құтжанова) мерзімді әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты шығарып салуды ұйымдастырсын.
- Нұра ауданының қаржы бөлімі (Николай Анатольевич Баранов) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруына байланысты, бюджеттен бөлінген қаржылар шеңберінде қаржыландыруды жүргізісін.
- Аудан әкімдігінің 2007 жылғы 14 қыркүйектегі «2007 жылы қазан-желтоқсан айлары аралығында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (2007 жылдың 25 қыркүйегінде Қарағанды облысы Әділет Департаментінің Нұра ауданының Әділет басқармасында тіркелінген, мемлекеттік тіркеу № 8-14-56) № 15/02 қаулысының күші жойылды деп танылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.
- Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімінің міндеттерін атқарушы Б.Қосымғұлов

Қосымша  
Аудан әкімдігінің 2008 жылғы «...»  
№... қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы:

- |                                     |  |
|-------------------------------------|--|
| 1. Жолболдин Қайролла Шарипұлы      | -комиссия төрағасы, Нұра ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша)                          |
| 2. Шалов Қайрат Мұхаметұлы          | -комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы |
| 3. Сәтемирова Бақытгүл              | -комиссия хатшысы, аудандық медициналық бірлестігінің онкологиялық кабинетінің медициналық бікесі (келісім бойынша)      |
| Комиссия мүшелері:                  |  |
| 4. Протасенко Константин Викторович | - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)   |
| 5. Гизатуллина Лилия Фанаулықызы    | - аудандық медициналық бірлестігінің терапевт-дәрігері (келісім бойынша)   |

**Қарағанды облысы Нұра ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі ақпашылық мемлекеттік лауазымының бос орынына орналастыруға конкурсты жариялайды.**

Үміткерлерге қойылатын жалпы біліктілік талаптар: E-R-5 санаты үшін. Білімі жоғары немесе орта кәсіптік.

Санат	Қызмет өткерген жылдарына байланысты жалақысы (тенге)	
	Бастап	Дейін
E-R-5	24598	33430

**1. Жетекші маман -1 бірлік (E-R-5), №3**  
Функционалдық міндеттері:

- бюджеттік қаржылардың шығын сметасын және олардың есептеуін құрастыру. Штаттық кесте құрастыру. Айлық, тоқсандық баланстарды құрастыру, нышан, салықтар және аударымдар бойынша есеп жүргізу. Кіріс және шығын ордерлердің тіркеуін жүргізу. Зейнетақы аударымын аудару, бухгалтерия бойынша есептерді құрастыру. Түгендеу жүргізу. Аппаратта кеңсе ісін жүргізуді қамтамасыз етеді. құжаттарды қабылдап жөнелтеді, азаматтардың өтініштерін, хаттарының қаралуын ұйымдастырады. Қадір мәселелері жөніндегі жұмыстарын жүргізеді.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

- білімі- экономикалық  
- Қазақстан Республикасының еңбек Кодексі, «Бюджет жүйесі туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», «Бухгалтерлік есеп туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік жергілікті басқару туралы» Заңдарын білу.  
Мемлекеттік тілді білген жөн. «Word», «Excel» бағдарламалармен компьютерде жұмыс істей білу керек.  
Осы санаттың лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер білу керек.

Конкурс республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында («Егемен Қазақстан» 22.06.2007ж., енгізілген қосымшалар мен өзгерістермен 29.06.05ж.,

«Қазақстанская правда» 23.05.2007ж., енгізілген өзгерістер мен қосымшалар 30.06.05ж газеттерінде) және www.kyzmet.kz. жарияланған әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос орындарына конкурсты өткізу ережелері кандидасына сәйкес откізіледі.

Сынаққа жіберілген үміткерлерді тестіден өткізу құжаттарды қабылдау мерзімі біткен соң 5 жұмыс күнінің ішінде белгіленген тәртіппен Қарағанды қаласы Бейбітшілік ғұлазары, 39 мекен-жайындағы дистанциялық тестілеудің аймақтық орталығында өтеді.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналастыруға үміткерлерге арналған тестілеу бағдарламасы:

- мемлекеттік тілді білу тестісі
- Қазақстан Республикасының Конституциясын (енгізілген өзгерістермен 21.05.2007ж.), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (енгізілген өзгерістермен 21.07.2007ж., 27.07.2007ж.), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» (енгізілген өзгерістермен 21.07.2007ж., 27.07.07ж.), Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) білуге арналған тестілерді білуге қамтыды.

Өңгімесізге жіберілген үміткерлер ағайынш конкурс бойынша тестілеу өткен соң Нұра ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінде 5 жұмыс күнінің ішінде өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жерілікте бұқаралық ақпарат құралдарының басылмаларында 100900 Нұра ауданы Киевка көнігі Ленина көшесі. 37 үйге, «Нұра» газетінде жарияланғаннан кейін 15 күнтізбелік күннің ішінде тапсырылуы тиіс. Анықтама телефондары: 22620.

Конкурсқа қатысудың шығынын (конкурс өтетін жерге келу және тұру) азаматтардың қаржылармен қамтыды.

**Нұра ауданының дене шынықтыру**

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТ А НУРИНСКОГО РАЙОНА

01 апреля 2008 года №05/03

Зарегистрировано в управлении Юстиции Нуринского района Департамента Карагандинской области 22 апреля 2008 года № государственной регистрации 8-14-69

**О проведении призыва граждан на срочную воинскую службу в апреле-июне и октябре-декабре 2008 года.**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О воинской обязанности и воинской службе», Постановлением Правительства Республики Казахстан № 623 от 30 июня 2006 года «Об утверждении Правил организации и проведения призыва граждан на воинскую службу» и в целях проведения призыва граждан на срочную воинскую службу в апреле-июне и октябре-декабре 2008 года акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Провести в апреле-июне и октябре-декабре 2008 года призыв на срочную воинскую службу граждан в возрасте от 18 до 27 лет, не имеющих права на отсрочку или освобождение от призыва.
- Утвердить состав районной призывной комиссии согласно приложения.
- Акимам сел и поселков:
  - обеспечить явку граждан 1981-1989 года рождения на призывный участок в 2008 году согласно графика отдела по делам обороны Нуринского района;
  - организовать доставку призывников для прохождения призывной комиссии и отправки в войска.
- Отделу по делам обороны района (Жолболдин Қайролла Шарипович-по согласованию) обеспечить необходимые мероприятия по вопросам призыва на воинскую службу.
- Районному медицинскому объединению (Еспаев Бөкеш Орақович-по согласованию) укомплектовать районную призывную комиссию врачами –специалистами, средним медицинским персоналом на период призыва, обеспечить медицинским оборудованием и инструментарием кабинеты.
- Управлению государственного учреждения «Департамент государственного санитарно-эпидемиологического надзора Карагандинской области» по Нуринскому району (Дослопова Гүлсара Қурашевна-по согласованию) обеспечить контроль за санитарным состоянием призывного участка.
- Районному отделу внутренних дел (Қанафин Асхат Нұрмұханұлы-по согласованию):
  - обеспечить розыск и задержание лиц, уклоняющихся от призыва;
  - обеспечить охрану общественного порядка при отправке и убытии призывников, сопровождение их на призывную комиссию и отправку в войска до отдела по делам обороны и областного сборного пункта города Караганда.
- Отделу культуры и развития языков Нуринского района (Қутжанова Рабиға Қосановна) организовать торжественные проводы для призываемых на срочную воинскую службу.
- Отделу финансов Нуринского района (Баранов Николай Анатольевич) обеспечить финансирование в пределах выделенных бюджетных средств, связанных с призывом граждан на срочную воинскую службу.
- Признать утратившим силу постановление акимата района от 14 сентября 2007 года № 15/02 «О проведении призыва граждан на срочную воинскую службу в октябре-декабре 2007 года» (зарегистрированного в управлении юстиции Нуринского района Департамента Юстиции Карагандинской области 25 сентября 2007 года, № государственной регистрации 8-14-56).
- Контроль за исполнением данного постановления возложить на заместителя акима района Даутову Зару Ахметжановну.
- Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его официального опубликования.

Исполняющий обязанности акима района Б.Қошеғұлов  
Приложение  
УТВЕРЖДЕНО  
постановлением акимата района  
№... «...» 2008 года

Состав районной призывной комиссии:

- |                                     |  |
|-------------------------------------|--|
| 1. Жолболдин Қайролла Шарипович     | -председатель комиссии, начальник отдела по делам обороны Нуринского района(по согласованию)                                 |
| 2. Шалов Қайрат Мұхаметович         | -заместитель председателя комиссии, главный специалист аппарата акима района по гражданской обороне и чрезвычайным ситуациям |
| 3. Сәтемирова Бақытгүл              | -секретарь комиссии, медицинская сестра онкологического кабинета районного медицинского объединения (по согласованию)        |
| Члены комиссии:                     |  |
| 4. Протасенко Константин Викторович | -заместитель начальника районного отдела внутренних дел (по согласованию)  |
| 5. Гизатуллина Лилия Фанаулықызы    | -врач-терапевт районного медицинского объединения (по согласованию)  |

**Отдел физической культуры и спорта Нуринского района Карагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной административной государственной должности**

Общие квалификационные требования к участникам конкурса Категория E-R-5. Высшее или среднее профессиональное.

Категория	Должностной оклад в зависимости от выслуги лет	
	От	До
E-R-5	24598	33430

**1. Ведущий специалист - 1 ед. (E-R-5), №3**  
Функциональные обязанности:

-организация учета, исполнение бюджетных программ. Составление сметы расходов бюджетных средств и расчетов к ним. Составление платных расписаний. Составление месячных, квартальных балансов, отчетов по формам, по налогам и отчислениям. Ведение регистрации приходных и расходных ордеров. Осуществление пенсионного отчисления. Проведение инвентаризации. Ведение номенклатурных дел в отделе, работа с исходящими и входящими документами, рассмотрение писем и обращений граждан, исполнение работы по кадровым вопросам  
Требования к участникам конкурса:  
образование – экономическое  
-знание Законов Республики Казахстан «О бюджетной системе», «О государственных закупках», «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», «О бухгалтерском учете», Трудовой Кодекс Республики Казахстан, «О местном государственном управлении в Республике Казахстан».

Желательно знание государственного языка. Умение работать на компьютере с программами «Word», «Excel».

Другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории.  
Конкурс проводится на основе Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, опубликованных в республиканских средствах массовой информации

(«Егемен Қазақстан» от 22.06.01, с дополнениями и изменениями от 29.06.05г; «Қазақстанская правда» от 23.06.01, с дополнениями и изменениями от 30.06.05г) www.kyzmet.kz.

Кандидаты, допущенные к участию в тестировании, проходят его в установленном порядке в региональном центре дистанционного тестирования города Караганда в течение 5 рабочих дней после окончания срока приема документов по адресу: Караганда бульвар Мира,39.

Программа тестирования кандидатов на занятие вакантных административных государственных должностей:

- тесты на знание государственного языка
- тесты на знание Конституции Республики Казахстан (с внесенными изменениями от 21.05.2007года), Закона Республики Казахстан от 2 июля 1998 г. № 267-І «О борьбе с коррупцией» (с внесенными изменениями от 21.07.2007 и от 27.07.07), Закона Республики Казахстан от 23 июля 1999г. «О государственной службе» (с внесенными изменениями от 21.07.07 и от 27.07.07г), Кодекса чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих), утвержденного Указом Президента РК от 03 мая 2005 года № 1567;

Кандидаты, допущенные к собеседованию проходят его в отделе физической культуры и спорта Нуринского района в течение пяти рабочих дней после проведения тестирования по данному конкурсу. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в районной газете «Нұра» по адресу: 100900 Карагандинская область Нуринский район поселок Киевка, ул.Ленина,37. Телефон для справок: 22620

Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения конкурса и обратно, проживание и др.) граждане производят за счет собственных средств.

**Отдел физической культуры и спорта Нуринского района**

Нұра ауданының 80 жылдығына



Өмірі ұрпағына өнеге



Аманбай Секербасев – фин және Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, майдандағы ерліктері және еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше орденмен және медальдармен марапатталған, ауданымызда мал шаруашылығының жарыңты дамуына үбелі үлес қосқан абзал азамат.

Әдетте, соғына мол рухани мұра қалдырған, ұлттың өсуіне өлшеусіз үлес қосқан адамдарды, фрондтан бақпа аттанса да, тірлер қатарына жатқызымыз. Сондықтан болар, халқымыздың данағой ақылмандарының бірі Бұқар жырау «Жақсының аты: өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген ағалы сөз қалдырыпты. Жалғыз өз бала-шағасының ғапа үлгісі емес, отбасының берекесі ғана емес, бүкіл ауыл-аймақтың, елдің ұйытқысына айналған, ондай асыл жаңдардың есімі ел есінде мәңгіге қалатыны анық. Сондай адамдардың бірі Нұраның абзал азаматы. Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданманы Аманбай Секербайұлы еді.

Дүние төңкеріліп, астан-кестен шығып жатқан 1917 жылы дүниеге келген Аманбай 1938 жылы әскер қатарына шақ ырылып, сонау Балтық,

бойында ақ, финдермен болған шайқасқа қатысады. Адамат тарихындағы ең ұлы кыргыз басталғанда Кеңестер Одағының Батыс шекарасында әскери міндетін атқарып жүрген Аманбай екі жылдан соң, елге оралмаған қалпында Ұлы Отан соғысының қанды қасабына кете берді. Бұл кезде елдегі қалған үш бауыры да соғысқа аттанып кеткен еді. Сол соғыстан елге оралғаны да осы Аманбай еді. Ағасы Орынбек Смоленск түбінде қалса, Тұрхан мен Жамбай соғыстан мүгедек болып оралды.

Кескілескен майдан даласында ағамыз «Құйын» аталатын оперативтік топтың командирі болған, бас аяғы 7 жыл майданда болған жауынгер, соғыстан кейін Горький қаласындағы МҚК (КГБ) органдарында қызмет атқарған Аманбайдың алдынан атак пен мансаптың даңғыл жолы ашылғандай еді. Себебі, әскери басшылар, оған дейін Қызылжар педагогикалық училищесінде білім алған Аманбай ағамызды ұлттық кадр резервіне тіркеп, Москва жоғарғы әскери мектебіне оқуға жолдаған болатын.

Бірақ ауырып келген соң анасы Жаңина «Балам-ау соғыс болса бітті, екі ағам мүгедек болып орады, біреуі соғыс даласында қалды. Енді сен міндетің осы ағаларыңның отбасыларына көмектесіп, балаларын жеткізу» деп баласын жібермей қалған екен. Баласы да анасының бір ауыз сөзін жерге тастамай, елде орнығып, жұмысқа кіріседі.

Алғашқыда Осакаров ауданындағы мал өнімдерін өңдеу мекемесінде бригадир болады, кейіннен өзінің туған жеріне оралып, өзінің сүйікті кәсібі – мал шаруашылығымен шұғылданып,

«Нұра» совхозында директор, ал зейнеткерлікке шыққанға дейін 30 жыл бойы Нұра ауданындағы ең ірі мал бордақылау зауытын басқара жүріп, аудандағы мал шаруашылығының табысты дамуына қомақты үлесін қосқан бірден бір тұлға осы Аманбай Секербасев болатын. Өндірістен қол үзбей жүріп Жоғарғы Партия мектебін бітіріп, білімін шыңдады.

Жалпы алғанда Аманбай ағамызға, мал бордақылау ісімен айналысатын бұл шаруашылықтың жұмысы әбден қанық еді, аудандағы совхоз басшыларымен бірге жұмыс жасай отырып, малдың өнім-жітімін азайтуға аса көңіл бөлді. Ол басқарған кезде ауыл қоржыны, экономикасы өркендеді, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Шаруашылық басшысы да абыройлы болып, майдандағы патрадаларына еңбек марапаттары қосылды. Ең бастысы адамдармен тыл табыса алып, олардың мұн мұқтажына көңіл аударып, ел құрметіне бөленді.

Жұбайы Ұмысшұқ екеуінің еңбекқорлығы (Ұмысшұқ Секербасев ұзақ жылдар бойы еңбек еткен, кооперация саласының ардагері), бауырмалдық қасиеттері, тату-тәтті жарастығы жақсы азаматтың құмырын жалғастырған ұрпақтарының бойына да ауысқан.

Аяулы ағаның соғында лайықты ұрпақтары қалды, олардың бәрі де елімізге танымал, білікті де білімді азаматтар.

Үлкен қызы Галия республикаға танымал алерголог ғалым, медицина ғылымдарының докторы, ұзақ жылдар облысымызда кәсіби ауруларды емдеуде жемісті еңбек етті. 2003 жылы ауыр наукастан қайтыс болды.

Ал одан кейінгі балаларының бәрі де әр салада жемісті еңбек етуде. Табиғиен Алматыда «Казиветмет» акционерлік компаниясының 1-ші вице-президенті, экономика ғылымдарының кандидаты, Бактай болса Украинада «БТА-Украина» банкінің Президенті, техника ғылымдарының кандидаты, Іудина мен Күләш Қарағандыда, біріншісі «Альянс банк» басқармасы төрағасының орынбасары болса, екіншісі санитарлық дәрігер, Марат физика-математика ғылымдарының кандидаты, Алматыда жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады. Сайран Астанана – бейсиді заңгер болып қызмет атқаруда. Ерекше атаң отетіміз: Марат пен Қайрат екеуі де ірі бизнесмендер бола тұра, шынайы азаматтық танытып, ешқашан да туған елдерін, туған мекендерін – Нұраны ұмытпай, үлеме елдегі айтуды іс шараларға өз үлестерін қосып, қомақты демеушілік жасап отырады. Откен жылы пайдалануға берілген мейіт құрылысына да Секербасевтар әулетінің қосқан үлесі мол болды. Әке-шешелерінің шапырақтарының орны бос тұрмасын деп, орнына өзүміз үй салып қойды, жыл сайын осы үйде ата-аналарына құран бағынған отырады. Бұл болса да үлгі-өнеге аларлық іс емес пе?!

Аяулы ағаның соғында осындай әке атана лайық ұлдары, ару атауына лайық қыздары қазынып, Осының бәрі де «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны пілерсің» демекші, отбасынан алынған тәрбиені жемісі екендігі сөзсіз. Ата ана ісін ұрпақтың жаңғыртып жатқаны қандай қабілет!

Бикен АХМЕТОВА

Информация

по соблюдению Земельного законодательства в Нуринском районе

Всем нам хорошо известно, что земля – наше главное богатство, стратегический курс, определяющий социально-экономическое развитие государства. Этаны реализации земельной реформы в РК начались с изданием Указа Президента РК, имеющего силу Закона от 22 декабря 1995 года № 2717 «О земле», Закона от 24 января 2001 года № 152-III «О земле» и принятием Земельного кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442-III.

С принятием Земельного кодекса определены полномочия государственных и местных представительных органов; введен институт частной собственности на землю сельскохозяйственного назначения; отменены институты субаренды земельных участков; обеспечена прозрачность и легальность форм землепользования; повышена экономическая ответственность землепользователей за нерациональное использование земли; земельное законодательство приведено в соответствие с требованиями рыночной экономики.

Территория района составляет 4632630 га, структура земельного фонда района по угодьям представлена в следующих параметрах: сельскохозяйственные угодья – 4485088 га, в том числе пашня – 249933 га, сенокосы – 68280 га, пастбища – 4081279 га, многолетние насаждения – 40 га, залежь – 85242 га, огороды – 314 га, прочие угодья – 147542 га.

На этой земле ведут товарное сельскохозяйственное производство 26 товариществ, 3 производственных кооператива, 745 крестьянских и фермерских хозяйств. Вместе с тем, использование потенциала пашни по категориям хозяйствующих субъектов оставляют желать лучшего.

Только в прошлом году залежь по юридическим лицам составила 22%, а по крестьянским и фермерским хозяйствам – 68%. В настоящее время в хозяйствах ведется двойной учет земель: земли первого сорта – пашня, и второсортные – земли коренного улучшения, хотя по качеству их отличия незначительные (во многих случаях). Только по этой причине земли коренного улучшения значительно истощаются, снижается их продуктивность, не соблюдаются севообороты из-за мелкоконтурности и далекого расположения друг от друга.

Часты случаи вовлечения в земли коренного улучшения просто непригодных для обработки земель, где затраты значительно превышают доход при использовании в отрасли растениеводства. За последние три года ни разу не засевали, не производили глубокую обработку почвы 77 крестьянских и фермерских хозяйств. Мало того, что эти земельные участки не используются по целевому назначению, они заросли сорной растительностью и засоряют соседние поля. Аналогичные недостатки есть в каждом сельском округе.

Так, отделом земельных отношений совместно с государственными инспекторами по контролю за использованием и охраной земель, в результате полевых обследований по сельским округам были выявлены три категории землепользователей, по которым будут приняты меры:

1. Крестьянские или фермерские хозяйства, члены которых проживают в данном сельском округе, но не используют предоставленные земельные участки в течение ряда лет. Данной категории были выписаны письменные уведомления (предупреждения) согласно ст. 94 ЗК РК, о чем тут же поставлены в известность акиматы сельских округов. По истечении одного года после выдачи предупреждения будут поданы иски об изъятии земельных участков. Всего, таким образом, предупреждены 165 хозяйствующих субъектов.

2. Крестьянские или фермерские хозяйства, которые отсутствуют на территории сельского округа и не используют предоставленные земельные участки в течение ряда лет.

Земельные участки данной категории хозяйствующих субъектов согласно ст. 82 ЗК РК районным уполномоченным органом по земельным отношениям поставлены на учет как бесхозное имущество. По истечении одного года со дня взятия на учет, как бесхозное имущество, исполнительный орган может обратиться в суд с требованием о признании земельного участка поступившим в государственную собственность. Всего поставлены на учет 77 крестьянских и фермерских хозяйств.

3. Крестьянские и фермерские хозяйства, использующие предоставленные земельные участки. По данной категории будут производиться плановые проверки на предмет рационального использования земель.

В итоге проведенной работы по сельским округам были выявлены 86 крестьянских и фермерских хозяйств, которые не используют земельные участки, либо используют их периодически. Безусловно, этой процедуре будут подвергнуты все без исключения, кто допускает подобные нарушения.

За последние годы увеличилось количество заявлений по выделению земельных участков для строительства жилья и ведения личного подсобного хозяйства. Только в прошлом году выделено 35 земельных участков, из них 16 по поселку Кивка и 19 по селу Ахметаул. Все вопросы по выделению земельных участков для развития малого бизнеса и предпринимательства в сфере розничной оптовой торговли и строительства жилья решаются своевременно и без волокиты. Законом РК от 10 января 2006 года № 116-III внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты РК по вопросам разграничения полномочий между уровнями государственного управления.

Вышеупомянутым законом внесено 41 изменение и дополнение в Земельный кодекс РК. К компетенции отдела земельных отношений отнесены разрешение и ведение 18-ти функциональных обязанностей. Нововведением из них является то, что отдел утверждает кадастровую оценку земельного участка, заключает договора купли-продажи, договора аренды временного безвозмездного землепользования. Пересмотрены порядок рассмотрения представления земельных участков, выдачи право удостоверяющих документов и, в особенности, составления кадастровой оценочной стоимости.

Рассмотренное заявление гражданина о предоставлении земельного участка после положительного решения земельной комиссии вместе с другими материалами направляется в КДГП Гос ННЦзем для разработки проекта отвода земельного участка и только после получения и утверждения проекта, отделом будет приниматься постановление акимата района.

В районе произведено земельно-хозяйственное устройство всех 57-ми сельских населенных пунктов, проведена инвентаризация всех сельскохозяйственных землепользователей, зонирование территорий поселков Кивка и Шубарколь с установлением межхозяйственных границ их земель.

В прошлом году полностью завершена работа по разработке районной схемы зонирования земель для целей налогообложения стоимостью более 4 млн. тенге, финансируемая из местного бюджета.

М. ЖАНКУАТОВ, и.о. заведующего ГУ «Отдел земельных отношений Нуринского района»

Военно-патриотическое воспитание Как это было

(26 апреля – Международный день памяти пострадавших от радиоактивного облучения)

Когда чернобыльским набатом была страна огушена. Тогда опять к ее солдатам, к ее сынам пришла война. Посеял вырвавшийся атом угрозу смерти над землей. Хоть нет числа различным датам, запомни эту дату с тобой.

Чернобыльская атомная электростанция. Расположена на территории Украины, в 130 км севернее Киева. Население Чернобыля (15 км от АЭС) – 12,5 тысяч человек. В Припяти (3 км от АЭС) проживало 49 тысяч человек. Произошли две аварии.

26 апреля 1986 года в 1 час 24 мин. Один за другим в реакторе четвертого энергоблока прогремели два взрыва. В атмосферу было выброшено 190 тонн радиоактивных веществ. В воздухе оказались и 8 тонн радиоактивного топлива реактора (из 140 тонн). Почти две недели на станции бушевал пожар. Население города Чернобыля подверглось облучению в 90 раз больше, чем жители Хиросимы.

